

**«МАРШ (СТРАХОВЫЕ
БРОКЕРЫ)» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
қаржылық есептілігі және
тәуелсіз аудитор есебі

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

Мазмұны

	Бет
2021 ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ	2-4
2021 ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІК:	
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есеп	6
Қаржы жағдайы туралы есеп	7
Қатысушы капиталындағы өзгерістер туралы есеп	8
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп	9
Қаржылық есептілікке ескертулер	10-39

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
қаржылық есептілігін дайындау және бекіту үшін жауапкершілік жөніндегі басшылық
мәлімдемесі

«Марш (Страховые Брокеры)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі «Компания») басшылығы 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын шынайы көрсететін Компанияның қаржылық есептілігін, сондай-ақ оның аталған күні аяқталған жыл іші оның пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы, капиталындағы өзгерістері туралы және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы тиісті есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттарын және қаржылық есептілікке өзге ескертпелердің көрсетілуін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындауға жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:

- есеп саясаты қағидаттарын дұрыс таңдауға және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Компания қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Компанияның өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- Компанияда ішкі бақылаудың тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Компанияның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шараларды қабылдауға;
- қаржылық және өзге де асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

Компанияның 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілігін басшылық
2022 жылғы 15 сәуірде бекітті.

Басшылық атынан

Андрей Комарковский
Бас басқарушы

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

Заманбекова Алима
Бас бухгалтер

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қатысушысына және Басшылығына:

Пікір

Біз 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайы туралы есептен, 2021 жыл іші пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы, қатысушы капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептерінен, сонымен қатар қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі қағидаларына қысқаша шолудан тұратын «Марш (Страховые Брокеры)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржы жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес осы күні аяқталған жыл іші қаржы нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне («Кодекс») сәйкес және Қазақстан Республикасында қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Компанияға қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуды бағалаймыз;

- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.



«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметпен айналысуға
№ 0000015 мемлекеттік лицензия,
сериясы МФЮ-2
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген



Жангир Жилысбаев
Тапсырма бойынша серіктес
Қазақстан Республикасы аудиторының
2012 жылғы 22 қарашадағы
№ МФ-0000116 біліктілік күәлігі
«Делойт» ЖШС бас директоры

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есеп
(мың Қазақстандық теңгемен)

	Ескерт- пелер	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық кірістер	15	370,437	369,842
Өзге кірістер		312	1,776
Кірістер жиыны		370,749	371,618
Жалпы және әкімшілік шығыстар, соның ішінде:	4	(411,320)	(449,143)
Еңбекақы бойынша шығыстар және іссапар шығыстары	4	(249,017)	(251,685)
Бас компанияның басқару қызметтері үшін төленетін комиссия	4, 15	(40,414)	(69,494)
Кәсіби қызметтер	4	(29,439)	(19,045)
Тозу және амортизация	4, 9, 10	(24,468)	(20,695)
Салықтар, табыс салығын қоспағанда	4	(1,477)	(17,285)
Жалдау бойынша шығыстар	4	-	(4,163)
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті қалпына келтіру/ (қалыптастыру)	8	10	(432)
Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар	10	(8,337)	(6,764)
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда	6	3,659	34,800
Шығыстар жиыны		(415,988)	(421,539)
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ШЫҒЫН		(45,239)	(49,921)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	5	10,986	26,287
ТАЗА ШЫҒЫН		(34,253)	(23,634)
ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН ЖИЫНЫ		(34,253)	(23,634)

Компания басшылығы атынан:

Андрей Комарковский
Бас басқарушы

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

9–37 беттердегі қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Заманбекова Алима
Бас бухгалтер

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы


**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
Қаржы жағдайы туралы есеп
(мың Қазақстандық теңгемен)**

	Ескерт- пелер	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:			
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	7	239,222	292,394
Дебиторлық берешек	8, 15	105,879	143,381
Болашақ кезеңдердің шығыстары		5,115	4,593
Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер		61,135	78,661
Салықтар бойынша алдын ала төлемдер		95	1,481
Өзге активтер		5,124	773
Ағымдағы активтер жиыны		416,570	521,283
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:			
Кейінге қалдырылған салық активтері	5	30,522	24,889
Негізгі құралдар	9	56,925	62,515
Материалдық емес активтер	9	1,529	1,321
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	10	46,640	62,187
Еншілес кәсіпорынға инвестициялар		-	117
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		135,616	151,029
АКТИВТЕР БАРЛЫҒЫ		552,186	672,312
ҚАТЫСУШЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ МЕН КАПИТАЛЫ			
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Кредиторлық берешек	11, 15	102,622	143,770
Жалдау бойынша ағымдағы міндеттемелері	10	17,401	15,345
Өзге міндеттемелер	12	28,223	65,000
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		148,246	224,115
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	10	40,130	57,531
Міндеттемелер барлығы		188,376	281,646
ҚАТЫСУШЫ КАПИТАЛЫ:			
Жарғылық капитал	13	320,100	233,360
Бөлінбеген пайда		43,710	157,306
Қатысушы капиталы барлығы		363,810	390,666
ҚАТЫСУШЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ МЕН КАПИТАЛЫ БАРЛЫҒЫ		552,186	672,312

Компания басшылығы атынан,

Андрей Комарковский
Бас бақарушы



Заманбекова Алима
Бас бухгалтер
2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

9–37 беттердегі қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**


2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қатысушы капиталындағы өзгерістер туралы есеп
(мың Қазақстандық теңгемен)

	Ескертпе	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша		202,000	312,300	514,300
Жиынтық шығын жиыны		-	(23,634)	(23,634)
Бөлінбеген пайдадан аудару	13	31,360	(31,360)	-
Жарияланған дивидендтер	13	-	(100,000)	(100,000)
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша		233,360	157,306	390,666
Жиынтық шығын жиыны		-	(34,253)	(34,253)
Бөлінбеген пайдадан аудару	13	86,740	(86,740)	-
«Marsh (Риск Консалтинг)» ЖШС еншілес ұйымының біріктірілуі	1	-	7,397	7,397
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша		320,100	43,710	363,810

Компания басшылығы атынан

Андрей Комарковский
Бас басқарушы

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы



Заманбекова Алима
Бас бухгалтер

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

9–37 беттердегі қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп
(мың Қазақстандық теңгемен)

	Ескерт- пелер	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Салық салуға дейінгі шығын		(45,239)	(49,921)
Мыналарға жасалған түзетулер:			
Тозу және амортизация	4, 9, 10	24,468	20,695
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті (қалпына келтіру)/қалыптастыру	8	(10)	432
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда	6	(5,594)	(36,987)
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың жылыстауы		(26,375)	(65,781)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер:			
Операциялық активтердің (ұлғаюуы)/азаюуы:			
Дебиторлық берешек		39,233	(48,665)
Болашақ кезеңдердің шығыстары		(522)	(5)
Өзге салық активтері		3,546	6,712
Өзге активтер		(4,351)	184
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюуы/(азаюуы):			
Кредиторлық берешек		(42,342)	51,953
Өзге міндеттемелер		(8,407)	(27,333)
Салық салуға дейінгі операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың жылыстауы		(39,218)	(82,935)
Төленген табыс салығы		-	(36,215)
Салық салудан кейінгі операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың жылыстауы		(39,218)	(119,150)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	9	(3,539)	(52,231)
Негізгі құралдардың есептен шығуынан түсімдер		-	1,320
«Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС еншілес ұйымды біріктіруден түскен түсімдер		14	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза түсімі/(жылыстауы)		(3,525)	(50,911)
ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Төленген дивидендтер	13	-	100,000
Жалдау міндеттемелерін өтеу	10	(15,345)	(2,913)
Қаржылық қызметтен ақшалай қаражаттың таза жылыстауы		(15,345)	(102,913)
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА АЗАЮУЫ			
Шетел валютасы бағамы өзгерісінің ақшалай қаражат пен оның баламаларына әсері		4,916	41,084
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жылдың басында	7	292,394	524,284
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жылдың аяғында	7	239,222	292,394

Компания басшылығы атынан:

Андрей Комарковский

Бас басқарушы

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

Заманбекова Алима

Бас бухгалтер

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

9–37 беттердегі қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп
(мың Қазақстандық теңгемен)**

	Ескер- тулер	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Салық салуға дейінгі шығын		(45,239)	(49,921)
Мыналарға жасалған түзетулер:			
Тозу және амортизация	4, 9, 10	24,468	20,695
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті (қалпына келтіру)/қалыптастыру	8	(10)	432
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда	6	(5,594)	(36,987)
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың жылыстауы		(26,375)	(65,781)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер:			
Операциялық активтердің (ұлғаюу)/азаюу:			
Дебиторлық берешек		39,233	(48,665)
Болашақ кезеңдердің шығыстары		(522)	(5)
Өзге салық активтері		3,546	6,712
Өзге активтер		(4,351)	184
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюу/(азаюу):			
Кредиторлық берешек		(42,342)	51,953
Өзге міндеттемелер		(8,407)	(27,333)
Салық салуға дейінгі операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың жылыстауы		(39,218)	(82,935)
Төленген табыс салығы		-	(36,215)
Салық салудан кейінгі операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың жылыстауы		(39,218)	(119,150)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	9	(3,539)	(52,231)
Негізгі құралдардың есептен шығуынан түсімдер		-	1,320
«Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС еншілес ұйымды біріктіруден түскен түсімдер		14	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза түсімі/(жылыстауы)		(3,525)	(50,911)
ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Төленген дивидендтер	13	-	100,000
Жалдау міндеттемелерін өтеу	10	(15,345)	(2,913)
Қаржылық қызметтен ақшалай қаражаттың таза жылыстауы		(15,345)	(102,913)
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА АЗАЮЫ			
Шетел валютасы бағамы өзгерісінің ақшалай қаражат пен оның баламаларына әсері		4,916	41,084
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жылдың басында	7	292,394	524,284
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жылдың аяғында	7	239,222	292,394

Компания басшылығы атынан:

Андрей Комарковский
Бас басқарушы

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

Заманбекова Алима
Бас бухгалтер

2022 жылғы 15 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

10–39 беттердегі қаржылық есептілікке ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

1. Ұйым

«Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС (бұдан әрі «Компания») — Қазақстан Республикасында 2000 жылғы наурызда тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. 2001 жылғы мамыр айында Компания қайта тіркеліп, «Марш» ЖШС атауын «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС атауына өзгертті. Компания қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі реттейді және Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – «Агенттік») реттейді. Компания өз қызметін 2001 жылғы 26 желтоқсандағы № 3 лицензияға, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2001 жылғы 3 мамырда берген № 31698-1910-ТОО заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлікке сәйкес жүзеге асырады. Компанияның негізгі қызметі — қазақстандық және халықаралық компанияларға сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша брокерлік қызметтер көрсету.

«Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС тіркелген кеңсесі мына мекенжайда орналасқан :Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050051, Жолдасбеков көшесі, 97, Самал-2 ықшам ауданы, «Самал Тауэр» БО, 2-қабат.

1. «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС серіктестігінің қатысушыларын қайта құрылымдау

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша компания Нидерландыда тіркелген Marsh & McLennan Companies Services B.V. компаниясына тиесілі болған. 2015 жылдың 19 ақпанында бұрынғы мүше Marsh (Insurance Services) Ltd Компаниядағы өз үлесін берді, нәтижесінде Marsh and McLennan Companies Services Ltd (бұдан әрі «Бас компания») Компанияның жалғыз иесі болды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Нидерландыда тіркелген Marsh және McLennan Companies Services BV «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС акциясының 100% иеленушісі ретінде және тұлғасындағы жалғыз қатысушының шешімімен өзінің үлесін MMC Treasury Holdings (Ұлыбритания) Limited және Companies Finance Center (Люксембург) S.à rl. беру туралы шешім қабылданды.

MMC Treasury Holdings (UK) Limited компаниясы Англия мен Уэльс заңдарына сәйкес тіркелген, тіркеу нөмірі 09787086, тіркелген күні: 2015 жылғы 21 қыркүйек, тіркелген мекенжайы: 1 Tower Place West, Tower Place, Лондон, EC3R 5BU, Біріккен Корольдік . Компания Companies Finance Center (Luxembourg) S.à rl. Люксембург заңдары бойынша тіркелген, тіркеу нөмірі B171615, тіркеу күні: 2012 жылғы 27 қыркүйек, тіркелген кеңсесі: 74, rue de Merl, 2146 Люксембург.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қатысушылардың жарналары және сәйкесінше олардың Серіктестікке қатысу үлестері:

Атауы	Бизнес жүргізу елі	Қатысу пайызы / дауыс беретін акциялардың пайызы (%)	
			2021 жыл
MMC Treasury Holdings (UK) Limited	Ұлыбритания		99%
Marsh & McLennan Компаниялар қаржы орталығы (Люксембург) S.à rl.	Люксембург		1%

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

Компанияны қайта құрылымдау процесі 2021 жылдың соңында аяқталды. «Марш (Страховые Брокеры) ЖШС» жарғысына енгізілген барлық өзгерістер жаңа құрылтай құжатымен мемлекеттік органдарда тиісті тіркеуден өтіп, мемлекеттік қайта тіркеу күні 2021 жылдың 28 желтоқсанында аяқталды.

2. Еншілес ұйымды біріктіру арқылы қайта ұйымдастыру

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания «Марш» (Риск Консалтинг) ЖШС бас компаниясы болды.

Атауы	Қызметін жүргізетін ел	Қатысу пайызы/дауыс берушілер пайызы (%)	
		2020 жыл	Қызмет түрі
«Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС	Қазақстан	99.9 %	Тәуекелдерді басқару бойынша консалтингтік қызметтер

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС-тың жарғылық капиталының 0,1 %-ы «Марш энд МакЛеннан Компаниз Сервисез Б.В.» (Нидерланд) компаниясына тиесілі болған.

«Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС 2008 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік түрінде құрылды. «Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС-тың негізгі қызметі — тәуекелдерді басқару бойынша сараптамалық және консалтингтік қызметтер көрсету.

2021 жылы басшылық «Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС-ны бас компания «Марш (Страховые брокеры)» ЖШС-мен біріктіру арқылы қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдады. Азаматтық Кодекстің (Жалпы бөлім) 46-бабының 2-тармағына сәйкес қосылу нәтижесінде үлестес ЖШС-нің құқықтары мен міндеттері Өткізу актісі бойынша «Марш» (Страховые Брокеры) ЖШС-не ауысты.

Біріктіру нысанындағы қайта ұйымдастыру процесі қайта ұйымдастыру рәсіміне қатысушы әрбір серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы негізінде жүзеге асырылды, онда қосылу нысанында қайта ұйымдастыру рәсімін өткізу туралы мәселе шешілді. Барлық рәсімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына негізделген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізілді. «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы берген 2021 жылғы 23 шілдедегі №23713 «Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС-нің «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС-не қосылу жолымен қайта ұйымдастыруға байланысты қызметін тоқтатуды тіркеу туралы бұйрығы негізінде қайта ұйымдастыру рәсімі аяқталды.

Біріктіру нәтижесінде Marsh and McLennan Companies Services B.V. «Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС жарғылық капиталындағы 116,80 теңге сомасындағы үлесі Marsh and McLennan Companies Services B.V. алдындағы міндеттемелерге аударылды және одан әрі мәні бойынша есептен шығарылды. «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС үлесі «Еншілес ұйымға инвестиция» сомасымен жойылды. Барлық активтер, құқықтар мен міндеттер «Марш» (Страховые Брокеры) ЖШС-не беру актісі бойынша 2021 жылғы 30 сәуірде берілді.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

«Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС-нің қосылуы нәтижесінде «Марш (Страховые брокеры)» ЖШС-на 14 мың теңге сомасында ақшалай қаражат, 5 490 мың теңге сомасында ағымдағы салық активтері және 2 044 мың теңге сомасындағы басқа да активтер, сондай-ақ 151 мың теңге сомасындағы қысқа мерзімді берешек қосылды. Біріктірудің әсері 2021 жыл іші қатысушының капиталындағы өзгерістер туралы есепте көрсетілді және ол 7 397 мың теңгені құрады.

Әдеттегі қызметі барысында Компания Marsh Group компанияларымен операциялар жасайды. Мұндай операцияларға брокерлік қызметтер, Бас компанияның басқаруы бойынша қызметтер және кеңес беру қызметтері кіреді, бірақ олармен шектелмейді. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Marsh Group компанияларының дебиторлық берешегі Компания активтерінің жалпы сомасының тиісінше 11.11% және 16.53 % құрады. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың Marsh Group қызметтері үшін есептелген брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстары брокерлік қызметтер бойынша жалпы комиссиялық табыстың тиісінше 26.84% және 39.24% құрады. Сондықтан Marsh Group компаниясына қатысты активтер мен брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстың шоғырлануы бар. Байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша ақпарат 15-ескертуде ашып көрсетілген.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компания қызметкерлерінің саны сәйкесінше 16 және 16 адамды құрады.

Осы қаржылық есептілікті Компания басшылығы 2022 жылғы 15 сәуірде басып шығаруға бекітті.

2. Есеп саясатының негізгі қағидаттары

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленген.

Осы қаржылық есептілік, басқасы көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (мың теңге) көрсетілген. Осы қаржылық есептілік тарихи құны бойынша есеп принциптеріне сәйкес әзірленген.

Тарихи құны әдетте тауарлар мен қызметтерге айырбас ретінде берілген сыйақының әділ құны негізінде анықталады.

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасындағы кәдімгі мәміле кезінде активті сатуға алынған немесе міндеттемені беру үшін төленген бағаны білдіреді, егер бұл баға тікелей бақыланатын болса немесе басқа бағалау әдісін қолдана отырып есептелген болса. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде, егер нарыққа қатысушылар өлшеу күніне активті немесе міндеттемені бағалау кезінде осындай сипаттаманы ескеретін болса, актив активтің немесе міндеттеменің сипаттамаларын ескереді.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертүлер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Сонымен қатар қаржылық есептілікті әзірлеу мақсаттарында әділ құнды бағалау әділ құнның иерархиясы негізінде (1, 2 немесе 3-деңгей) жіктеледі. Деңгейлер әділ құнды нарықтық деректер негізінде тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес келеді және жалпы әділ құнды бағалау кезінде қолданылған бастапқы деректердің маңыздылығын көрсетеді:

- 1-деңгейдегі бастапқы деректер Компанияға бағалау күні қолжетімді болған, түзетуді қажет етпейтін белсенді нарықтардағы бірдей активтердің немесе міндеттемелердің баға белгіленімдері болып табылады;
- 2-деңгейдегі бастапқы деректер 1-деңгей үшін анықталған баға белгіленімдері емес, бірақ актив немесе міндеттеме үшін нарықта тікелей не жанама түрде бақыланатын баға белгіленімдері болып табылады; және
- 3-деңгейдегі бастапқы деректер актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректер болып табылады.

Қолданыстағы валюта

Осы қаржылық есептіліктің қолданыстағы валютасы қазақстандық теңге (теңге) болып саналады.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Компания 2021 және 2020 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде тиісінше 34,253 мың теңге және 23,634 мың теңге шығын тапты. 2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза жылыстауы тиісінше 46,718 мың теңге және 119,150 мың теңгені құрады. Алайда, Компания басшылығы ағымдағы болжамдар мен шаралар негізінде, сондай-ақ Марш тобының қаржылық қолдауымен, Компанияның өз жұмысын алдағы уақытта жалғастыру үшін жеткілікті қаражаты бар деп санайды, және қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал осы қаржылық есептілік оның негізінде жасалған негізгі жорамал болып табылады.

Есеп саясатының негізгі қағидалары төменде көрсетілген.

Еншілес ұйымға инвестициялар

Еншілес ұйым - бұл Компания бақылайтын серіктестік сияқты, соның ішінде заңды тұлғаның құқығы жоқ ұйым. Еншілес ұйымға салынған инвестициялар, егер бар болса, кез келген құнсыздануды шегергендегі сатып алу бағасы бойынша есепке алынады.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертүүлەر (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Еншілес ұйымның біріктірілуі

Еншілес ұйымды біріктіруді есепке алуды жалпы бақылаудағы кәсіпорындарды қамтитын бизнесті біріктіруді есепке алу ретінде қарастыруға болады. Бұл бизнесті біріктіру барлық біріктірілген кәсіпорындардың түпкілікті түрде бизнесті біріктіруге дейін және одан кейін де бір тараптан ғана бақылауда болатын болып есептеледі және бұл бақылау уақытша емес. Жалпы бақылаудағы бизнесті біріктіру әсері мына шартпен пайыздарды біріктіру әдісімен есепке алынады: біріккен шаруашылық жүргізуші субъектілердің активтері мен міндеттемелері, олардың баланстық құны бойынша өлшенсе, бірігуге байланысты шығындар пайда немесе шығын құрамында шығын болып көрсетіледі. Есепте өзара байланысты активтер немесе міндеттемелер баланстан алынып тасталады. Кез келген төленген/берілген сатып алу құны мен сатып алынған таза активтердің құны арасындағы айырмашылық қосып алушының капиталында танылады.

Қаржы құралдары

Компания тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша тарапы болғанда, қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері Компанияның қаржы жағдайы туралы есепте көрсетіледі. Компания есеп айырысқан күні қаржы активтерін және міндеттемелерін сатып алу мен іске асырудың тұрақты сипатын көрсетеді. Кейіннен әділ құны бойынша бағаланатын, осылайша сатып алынған қаржы құралдары мәміле жасалған сәттен бастап белгіленген есеп айырысу күніне дейін сатып алынған құралдар сияқты есепке алынады.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін (пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа) сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты транзакциялық шығындар бастапқы тану кезінде қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құнын тиісінше көбейтеді немесе азайтады. Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей қатысты транзакциялық шығындар, пайда мен шығын және жиынтық кіріс туралы есепте тікелей танылады.

Қаржы активтері

Компанияның қаржы активтері тек ақшалай қаражат пен дебиторлық берешек түрінде берілген. Бұл қаржы активтері амортизацияланған құны бойынша бағаланады, өйткені олар шартта қарастырылған ақшалай қаражат ағындарын алуға арналған бизнес модельге сәйкес ұсталады, ал шарттық ақшалай қаражат ағындары тек негізгі сома мен пайыздар төлемдері болып табылады.

Компания қаржы активтерін тануды олар бойынша ақша ағынына шарттық құқықтары тоқтатылған немесе қаржы активін және тиісті тәуекелдер мен пайданы басқа тарапқа берген жағдайда ғана тоқтатады. Компания активке иелік етуден болған барлық негізгі тәуекелдер мен пайданы бермесе және сақтамаса, сондай-ақ берілген активті бақылауды жалғастырса, ол осы активте өз үлесін және тиісті сомаларды ықтимал төлеу бойынша онымен байланысты ықтимал міндеттемелерді көрсетуді жалғастырады. Компания берілген қаржы активіне иелік етуден болатын барлық дерлік тәуекелдер мен пайданы өзінде қалдырса, ол осы қаржы активін есепке алуды жалғастырады, ал табыстау кезінде алған қаражатты қамтамасыз етілген қарыз ретінде көрсетеді.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Қаржы активін толық есептен шығарғанда активтің баланстық құны мен алынған және алуға тиесілі сыйақы сомасының арасындағы айырма, сонымен қатар басқа да жиынтық пайдада танылған және капиталға жинақталған жиынтық пайда немесе шығын пайдаға немесе шығынға жатады.

Қаржы активін тану толық тоқтатылмаса (мысалы, Компания берілген активтің бір бөлігін сатып алу құқығын өзінде қалдырған жағдайда) Компания жалғасатын қатысу шеңберінде активті тану жалғасатын бөлігі мен тану тоқтатылған бөлігі арасында, активтер берілетін күнгі осы бөліктердің әділ құнының салыстырмалы мәндерін басшылыққа ала отырып, осы қаржы активінің алдыңғы баланстық құнын бөледі. Есептен шығарылатын бөлікке бөлінген баланстық құн мен есептен шығарылатын бөліктен алынған сыйақы сомасы арасындағы айырма, сонымен қатар өзге жиынтық кірісте танылған кез келген жинақталған оған бөлінген пайда немесе шығын, пайдаға немесе шығынға жатады. Өзге жиынтық кірісте танылған табыстар немесе шығындар ұстап қалатын және есептен шығарылатын бөліктердің әділ құнына пропорционал үлестіріледі.

Қаржы міндеттемелері

Компания қаржы міндеттемелерін олар өтелгенде, күші жойылғанда немесе олар бойынша талап ету мерзімі аяқталған жағдайда ғана тануды тоқтатады. Қолда бар қаржы міндеттемесі айтарлықтай ерекшеленетін жағдайларда сол кредитордың алдында басқа міндеттемеге алмастырылатын кезде немесе қолда бар міндеттеме талаптары айтарлықтай өзгеретін болса, мұндай алмастыру немесе өзгеру бастапқы міндеттемені есептен шығару және жаңа міндеттемені тану ретінде есепке алынады. Тануы тоқтатылатын қаржы міндеттемесінің баланстық құны және төленген немесе төлеуге тиесілі сыйақы арасындағы айырма пайдада немесе шығында танылады.

Ақшалай қаражат пен оның баламалары

Ақшалай қаражат пен оның баламалары үш айға дейінгі бастапқы өтеу мерзімі бар ағымдағы шоттардағы бос ақша қалдықтарын қамтиды.

Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергендегі номиналды құны бойынша көрсетіледі. Топ өтеу құқығы төлеу мерзімдеріне ғана байланысты болып, шартсыз болғанда дебиторлық берешекті есепке алады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Компания амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ақшалай қаражат пен дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындар (бұдан әрі «ККШ» деп аталады) резервін таниды. ККШ мөлшері тиісті қаржы құралын алғашқы таныған сәттен бастап кредиттік тәуекел деңгейіндегі өзгерісті көрсету үшін әр есеп беру күнінде қайта қаралады. Дебиторлық берешек үшін Топ әр уақытта бүкіл мерзімнің ККШ-сын таниды.

Осы қаржы активтері бойынша ККШ борышкерлерге тән және жалпы экономикалық жағдайдың факторларын есепке ала отырып түзетілген Компанияның бұрын болған кредиттік

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертүлер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

шығындар тәжірибесіне негізделген бағалау резервтерінің матрицасы көмегімен, сонымен қатар есеп беру күніндегі ахуал бойынша жағдайлардың ағымдағы және болашақ бағыттарын бағалау, соның ішінде ақшаның уақытша құны (қолданылатын жерде) арқылы есептеледі. Компания барлық қаржы құралдары бойынша құнсызданудан болған пайданы немесе шығынды баланстық құны шығындарды өтеуге арналған резервтер шоты арқылы тиісті түрде түзетілген пайда мен шығын туралы есеп құрамында таниды.

Кредиттік құнсыздануды анықтау үшін Компания төмендегілерді есепке алады:

- борышкердің міндеттемелер бойынша, соның ішінде Топ алдындағы міндеттемелері бойынша толық көлемде төлем жасауы екіталай екенін көрсететін өзі әзірлеген немесе сыртқы көздерден алынған ақпарат;
- борышкер кредит берушілерге, соның ішінде Компанияға өз міндеттемелері бойынша дефолт жариялауы; немесе
- борышкердің банкротқа ұшырау не басқа қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдығы.

Жоғарыда келтірілген талдауға қарамастан, Компания қаржы активінің мерзімі 90 күннен асып кеткенде дефолт болды деп есептейді.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер есептелген тозу мен амортизацияны шегергенде бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Тозу мен амортизация активтерді пайдалы қолдану мерзімі ішінде есептен шығару мақсатында негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің бастапқы құны бойынша есептеледі. Тозу мен амортизация келесі орнатылған жыл сайынғы нормаларды қолданып, бірқалыпты есептен шығару әдісі негізінде есептеледі:

Компьютерлік жабдық	25–33 %
Жиһаз және өзге негізгі құралдар	7–33 %
Автокөлік	20 %
Материалдық емес активтер	10 %

Капиталдандыру талаптарына сәйкес келмесе, ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша шығындар операциялық шығындармен бірге олардың орын алған кезеңінде пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнынан асу-аспауы әр есеп беру күні бағаланады. Өтелетін құны — сату және оны пайдалану құндылығы бойынша шығындарды шегергенде әділ құнның ең үлкен мәні. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнынан асқан жағдайда, Компания негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құнын олардың өтелетін құнына дейін азайтады, мұндай азайту тиісті кезеңде танылып, операциялық шығындарға қосылады. Құнсызданудан болған шығын көрсетілгеннен кейін активтердің қайта есептелген баланстық құнын қалған пайдалы қолдану мерзімі ішінде біркелкі үлестіру мақсатында негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша тозу

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

мен амортизация кейінгі кезеңдерде қалдық құнды (егер ондай болжанатын болса) шегере отырып түзетіледі.

Жалдау

Компания жалға алушы ретінде

Компания шарттың тұтасымен немесе оның жекелеген құрамдас бөліктерімен оның жасалу кезеңінде жалдау болып табылатындығына баға береді. Компания активті пайдалану құқығы мен жалға алушы болып табылатын барлық жалдау шарттары бойынша жалдау міндеттемесі түрінде таниды, қысқа мерзімді жалдауды (12 айға немесе одан аз мерзімге жалдау ретінде айқындалады) және активтерді төмен құны бойынша жалдауды қоспағанда (мысалы, жалдау шарттары) жабдықтар, дербес компьютерлер, кеңсе жиназы). Осы жалдау бойынша Компания жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішінде сызықтық негізде операциялық шығындар ретінде таниды, егер шығындарды бөлудің басқа әдісі уақыт өткен сайын жалданған активтерден экономикалық пайда бөлуге жақынырақ болмаса.

Тиісті жалдау міндеттемесі бастапқыда жалдау төлемдерінің ағымдағы құны бойынша бағаланады, жалдау төлемдері оның жалдау күнінде төленбеген жалда көрсетілген мөлшерлеме бойынша шегерілген. Егер бұл мөлшерлемені анықтау мүмкін болмаса, Компания қосымша қарыз қаражаттарын тарту мөлшерлемесін қолданады.

Жалдау міндеттемесін бағалауға кіретін жалдау төлемдеріне мыналар кіреді:

- Дебиторлық берешек үшін кез келген ынталандыру төлемдерін есептемегенде, тіркелген жалдау төлемдері (айтарлықтай тіркелген төлемдерді қоса);
- Егер жалдау мерзімі жалдауды тоқтату мүмкіндігінің көрінісін көрсетсе, жалдауды тоқтатқаны үшін айыппұл төлеу.

Жалгерлік міндеттеме қаржылық жағдай туралы есепте бөлек жол түрінде ұсынылған.

Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау міндеттемесі жалдау міндеттемесі бойынша сыйақы мөлшерінің баланстық құнын (тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып) ұлғайту және баланстық құнын төленген жалдау төлемдерінің сомасына азайту арқылы өлшенеді.

Компания жалдау міндеттемелерін қайта бағалайды (және пайдалану құқығындағы тиісті активке тиісті түзетулер енгізеді):

- Жалдау мерзімі өзгерді немесе елеулі оқиға немесе өзгеріс сатып алу опционын бағалауды өзгертуге әкелген жағдайларда пайда болды, бұл жағдайда жалдау міндеттемесі қайта қаралған лизинг төлемдерін дисконттау арқылы қайта қарастырылған жалдау төлемдерін қайта есептеу арқылы қайта қаралады;
- Жалдау түрлендірілген және жалдаудың өзгеруі жеке жалдау ретінде ескерілмейді, бұл жағдайда жалдау міндеттемесі өзгертілген жалдау төлемдерінің мөлшерін дисконттау арқылы өзгертілген жалдау төлемдерінің мөлшерлемесін қолдана отырып, өзгертілген жалдау төлемдерінің мөлшерін дисконттау арқылы өзгертіледі.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Пайдалану құқығы түріндегі активтер тиісті жалдау міндеттемелерін бастапқы жалдау ақысын, жалдау төлемдері жалдау күшіне енген күнге дейін немесе алынған лизингтік төлемдер мен бастапқы тікелей шығындарды шегеріп тастауды қамтиды. Кейіннен олар жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығындарды шегеріп тарихи құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқығы түріндегі активтер қаржылық жағдай туралы есепте жеке жол түрінде ұсынылған.

Компания пайдалану құқығы түрінде активтің құнсызданғанын анықтау үшін ХҚЕС (IAS) 36 қолданады және негізгі құралдарға қатысты саясатта сипатталғандай анықталған құнсызданудан болған шығындарды ескереді.

Салық салу

Табыс салығы бойынша шығыстар төлеуге есептелген ағымдағы салық пен кейінге қалдырылған салық қосындысы болып табылады.

Ағымдағы салық

Төлеуге есептелген ағымдағы салық сомасы бір жылдағы салық салынатын пайда мөлшерінен анықталады. Салық салынатын пайда салық салынатын немесе басқа есептік кезеңдерде салық салу мақсаттарында шегерілетін табыс немесе шығындар баптарының себебінен пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген пайдадан өзгешеленеді, сонымен қатар салық салынбайтын немесе салық салу мақсаттарында шегерілмейтін баптарды қамтымайды. Топтың ағымдағы салық бойынша міндеттемелері есептік кезең аяқталғанға дейін заңнамамен күшіне енгізілген салық салу мөлшерлемесін пайдаланып есептеледі.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны және салық салынатын пайданы есептегенде қолданылатын салық есебінің тиісті деректері арасындағы уақытша айырмашылыққа қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері әдетте салық салынатын барлық уақытша айырмашылықтарды есепке алып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері болашақта салық салынатын пайда туындауының үлкен ықтималдығы жағдайында барлық шегерілетін мезгілдік айырмаларды есепке алып, осы мезгілдік айырмаларды пайдалану үшін көрсетіледі. Мезгілдік айырмалар гүдвилге байланысты болса немесе салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да әсер етпейтін мәмілелер (бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелерден басқа) шеңберіндегі басқа активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану салдарынан туындайтын болса, салық активтері мен міндеттемелері қаржылық есептілікте көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әр есептік кезең соңында қайта қаралады және ол болашақта осы активтерді толық немесе ішінара пайдалануға жеткілікті салық салынатын пайданың туындау ықтималдығы бұдан әрі жоғары болмаған жағдайда азаяды.

Кейінге қалдырылған пайдаға салынатын салық бойынша активтер мен міндеттемелер есеп беру күнінде заңнамамен бекітілген немесе бекітілді деуге болатын және салық активін жүзеге асыру немесе міндеттемелерді өтеу кезеңінде тиісінше күшінде болады деп саналатын салық салу мөлшерлемесі мен салық заңнамасын пайдалана отырып есептеледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін бағалау есеп берілген күндегі ахуал бойынша Топтың активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу және орнын толтыру әдістеріне қатысты болжамдарының салықтық салдарын көрсетеді.

Болашақ кезеңдердің кірістері

Брокерлік қызметтер көрсетілгенге дейін алынған сыйақы Компанияның қаржы жағдайы туралы есебінде кейін сақтандыру шартының мерзімі ішінде қызмет көрсетілуіне қарай жүйелі және оңтайлы негізде пайда мен шығынға жатқызылып, шарттық міндеттеме (келешек кезеңдердің кірістері) ретінде көрсетіледі.

Резервтер

Алдағы шығыстардың резервтері Компанияның өткен оқиғалар салдарынан туындаған міндеттемелері (заңды немесе ұйғарынды) болған кезде және Компания бұл міндеттемелерді өтеуге тиіс болу ықтималдығы жоғары болғанда және мұндай міндеттемелердің мөлшерін жеткілікті дәрежеде дәл бағалау мүмкін болған жағдайда есепте көрсетіледі.

Резерв ретінде танылған сома осы міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді есепке ала отырып, есеп беру күні анықталған міндеттемелерді өтеуге қажетті соманың ең жақсы бағасы болып табылады. Алдағы шығындардың резерв шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжалды ақша ағындары негізінде есептелсе, онда алдағы шығындардың резерві осындай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыт бойынша ақша құны өзгеруінің әсері елеулі болса).

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертүлер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Міндеттемелерді өтеуге қажетті төлемдерді жартылай немесе толықтай үшінші тарап өтейді деп күтілсе, өтемді алуға толық сенімді болу шартымен және осы дебиторлық берешекті сенімді бағалау мүмкіндігі болған жағдайда тиісті дебиторлық берешек актив ретінде көрсетіледі.

Шартты міндеттемелер мен активтер

Шартты міндеттемелер қаржы жағдайы туралы есепте танылмайды, бірақ оларды өтеу нәтижесіндегі қаражат жылыстауы екіталай болған жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілікте мәлімдеме ашып көрсетіледі.

Шартты актив қаржы жағдайы туралы есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайда түсуінің мүмкіндігі жоғары болған кезде қаржылық есептілікте ашып көрсетіледі.

Жарғылық капитал

Жарғылық капитал бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Пайданы бөлу олар жарияланған кезеңде капиталдың азаюы ретінде танылады. Есеп беру күнінен кейін жарияланған пайданы бөлу Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарты ХҚЕС (IAS) 10 «Есеп беру күнінен кейінгі оқиғалар» талаптарына сәйкес есеп беру күнінен кейінгі оқиға ретінде қарастырылады және олар туралы ақпарат тиісті түрде ашылады.

Зейнетақылық және жеңілдіктер бойынша өзге міндеттемелер

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес зейнетақы төлемдерінің белгілі бір пайызы зейнетақы қорына аудару үшін персоналдың жалпы төлемдерінен ұсталып қалады, бұл ретте еңбекақы бойынша шығындардың мұндай бөлігі қызметкерден ұсталып қалып, қызметкердің атынан зейнетақы қорына аударылады. Мұндай шығындар қызметкерлерге төленетін тиісті төлемдер жатқызылатын кезеңде танылады. Зейнетке шыққанда барлық зейнетақы төлемдерін қызметкер таңдаған зейнетақы қоры жүргізеді. Компанияда Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа зейнетақымен қамсыздандырудың қосымша үлгілері жоқ. Оған қоса Компанияда қызметкерге зейнетке шыққаннан кейін берілетін жеңілдіктер немесе есептеу қажет берілетін өзге елеулі жеңілдіктер жоқ.

Кірістерді тану

Брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық кірістер есептеу әдісі арқылы көрсетіледі. Өзге кірістер тиісті операциялар аяқталғаннан кейін немесе қызметтер көрсетілуіне қарай пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Шығындар есептеу әдісі бойынша танылады.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

Брокерлік қызметтерден түсетін комиссиялық кіріс

Брокерлік қызметтерден түсетін комиссиялық табыс делдалдық қызметтерден түсетін комиссиялық төлем түріндегі сыйақы болып табылады. Комиссиялық сыйақы мөлшерлемесі әртүрлі болады және бірқатар факторға, соның ішінде ұсынылатын сақтандыру немесе қайта сақтандыру өтемінің түріне, таңдалған сақтандырушыға немесе қайта сақтандырушыға, сонымен қатар брокердің клиентпен келіссөздер жүргізу қабілетіне байланысты болады. Брокерлік келісімдердің көпшілігі үшін сақтандыру полисін орналастыруға әкелетін қызметтер орындалуы тиіс міндеттеменің бірі болып саналады.

«Байланысты келісімдерге» қатысты сыйақы олардың салыстырмалы әділ құны негізінде орындалатын жекелеген міндеттемелер арасында бөлінеді. Полисті орналастырудан түскен кіріс әдетте полис күшіне енген күні Компания ұсынатын қызметтерді бақылау клиентке тапсырылғанда және клиент оны қабылдағанда танылады.

Шетел валютасымен жасалатын операциялар

Компанияның қаржылық есептілігі Топ жұмыс істейтін негізгі экономикалық орта валютасымен берілген. Қаржылық есептілікті әзірлегенде Компанияның қолданыстағы валютасында көрсетілмеген ақша активтері мен міндеттемелері (шетел валюталары) есеп беру күніндегі тиісті спот бағамдар бойынша ауыстырылады. Қолданыстағы валютадан өзгеше валюталармен жасалатын операциялар мәміле жасалған күні басымдыққа ие айырбас бағамы бойынша есепке алынады. Осы мәмілелер нәтижесінде болған пайда мен шығын шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайдаға немесе шығынға қосылады.

Айырбас бағамы

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін әзірлегенде қолданған есеп беру күніндегі айырбас бағамы берілген:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Теңге/АҚШ доллары	431.80	420.91
Теңге/Еуро	489.10	516.79
Теңге/Фунт стерлинг	583.32	574.88

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(*басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен*)

Маңызды бухгалтерлік бағалаулар

Компанияның есеп саясатын қолдану процесінде басшылық активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты басқа сараптамалардан анық емес жорамалдар мен бағалаулар алып, содан жорамалдар жасауы керек. Өткен тәжірибеге сүйіне отырып, басқа факторларға негізделген жағдайда ғана бағалаулар мен негізгі жорамалдар маңызды деп саналатын. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалаулар және соған байланысты жорамалдар жүйелі түрде қаралып тұрады. Бағалаудағы өзгерістер, егер өзгеріс тек сол кезеңге әсер ететін болса, бағалау қайта қаралған кезеңде немесе бағалау қайта қаралған кезеңде және егер өзгеріс ағымдағы және болашақ кезеңдерге әсер ететін болса, болашақ кезеңдерде көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтерін өтеу мүмкіндігі

Компания басшылығы есепті күнге кейінге қалдырылған салық активтері бойынша резерв құрудың қажеті жоқ деп есептейді, өйткені кейінге қалдырылған салық активтері он жыл ішінде 50%-дан жоғары ықтималдықпен толығымен іске асырылады. 2021 және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша. Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны тиісінше 30,522 мың теңге және 24,889 мың теңге болды.

3. Жаңа және қайта қаралған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (ХҚЕС) қолдану

3.1 Ағымдағы жылы күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС

Стандарттар мен түсіндірмелерге келесі түзетулер Компания үшін 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді:

ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС және (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4 «Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы – 2-кезең» және (IFRS) 16 түзетулері
ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулері

«COVID-19 пандемиясына байланысты жалдау бойынша жеңілдіктер»

Жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қолдану ағымдағы және алдыңғы кезеңнің есепті деректеріне әсер ететін Компанияның есеп саясаттарының елеулі өзгерістеріне әкелген жоқ.

3.2 Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС

Осы қаржылық есептілікті бекіту кезінде Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген келесі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданбады:

Жаңа немесе қайта қаралған стандарт немесе түсініктемелер

Күшіне енетін күні – көрсетілгеннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін

ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»
ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» түзетулері
ХҚЕС (IAS) 1 «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» түзетулері (2010-2012 жж. циклының ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіру тұжырымдарының жобасы шеңберінде)

2023 жылғы 1 қаңтар
2023 жылғы 1 қаңтар

2023 жылғы 1 қаңтар

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

ХҚЕС (IAS) 8 «Бухгалтерлік бағалауларды анықтау» түзетулері	2023 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 және «Есеп саясатын ашып көрсету» ХҚЕС бойынша 2-тәжірибелік нұсқаулығына түзетулер	2023 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС стандарттарын жыл сайынғы жақсартулар: 2018-2020 жж. циклы	
ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру» - «Тұжырымдамалық негізге сілтеме» түзетулері	2022 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» - «Болжамды пайдалануға дейінгі түсім» түзетулері	2022 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 37 «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» - «Шығынды шарттар - келісім-шартты орындау құны» түзетулері	2022 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 12 «Бір операция нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық» түзетулері	2022 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 «Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе салу» түзетулері	Күнін ХҚЕСК белгілейді

Компания жоғарыда аталған стандарттарды қолдану келесі кезеңдерде Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

4. Жалпы және әкімшілік шығыстар

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Бас компанияның басқару қызметтері үшін төленетін комиссия	40,414	69,494
Кәсіби қызметтер	29,439	19,045
Марш тобы ішіндегі брокерлік комиссияларды бөлу	24,830	26,492
Тозу және амортизация	24,468	20,695
Көлік қызметтері	16,001	13,525
Коммуналдық қызметтер	9,579	8,718
Иссапар шығыстары	9,543	2,629
Кеңсені ұстау шығыстары	3,799	4,896
Мүлікті және жауапкершілікті сақтандыру	3,778	3,078
Байланыс шығыстары	2,130	2,386
Табыс салығынан басқа салықтар	1,477	17,285
Банк комиссиялары	1,217	1,441
Жалдау бойынша шығыстар	-	4,163
Басқасы	5,171	6,240
	411,320	449,143

5. Табыс салығы

Компания өз қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарына (ХҚЕС-тен өзгешелеуі мүмкін) сәйкес орындалатын салық есебі деректерінің негізінде ағымдағы кезеңге салық бойынша есептеулер жасайды.

Шығыстардың кейбір түрлері салық салу мақсаттары үшін ескерілмейтіндіктен, сондай-ақ салық салынбайтын табыс бар болғандықтан, Компанияда үнемі белгілі бір салық айырмасы болып тұрады.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептіліктің мақсаттарында анықталатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құны және салық салу мақсаттарында анықталатын сома арасындағы мезгілдік айырмалардан болған таза салықтық әсерді көрсетеді. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша мезгілдік айырмалар негізінен табыс пен шығынды есептеудің түрлі әдістеріне, сондай-ақ кейбір активтердің есептік құнына байланысты.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша кейінге қалдырылған салық активтері / (міндеттемелері) төмендегілерді қамтыды:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Есептелген шығыстар	5,645	11,692
Пайдалану құқығындағы актив және жалдау бойынша міндеттемелер	2,178	2,138
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(1,635)	(1,180)
Ауыстырылатын салық шығындары	24,334	12,239
Таза кейінге қалдырылған салық активтері	30,522	24,889

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші салықтарды төлеу бойынша шығыстар мен бухгалтерлік есеп бойынша кіріс арасындағы қатынас төмендегідей болды:

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Салық салуға дейінгі шығын	(45,239)	(49,921)
20% белгіленген мөлшерлеме бойынша табыс салығы	(9,048)	(9,984)
Тұрақты айырмалардан салық әсері	3,415	3,307
Табыс салығын түзету	(5,353)	(19,610)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	(10,986)	(26,287)

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыс	-	-
Табыс салығын түзету	(5,353)	(19,610)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемдеу	(5,633)	(6,677)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	(10,986)	(26,287)

Кейінге қалдырылған салық активтерінің қозғалысы:

	2021 жыл	2020 жыл
Жыл басындағы таза кейінге қалдырылған салық активтері	24,889	18,212
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемдеу	5,633	6,677
Жыл аяғындағы таза кейінге қалдырылған салық активтері	30,522	24,889

6. Шетел валютасымен жасалған операциялардан таза пайда

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Бағам айырмалары, нетто	5,594	36,987
Шетел валютасын сатып алу және сату	(1,935)	(2,187)
	3,659	34,800

7. Ақшалай қаражат пен оның баламалары

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша шетел валютасында	208,551	285,160
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша теңгеде	30,671	7,234
	239,222	292,394

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

8. Дебиторлық берешек

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Дебиторлық берешек	106,555	144,067
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде	(676)	(686)
	105,879	143,381

Құнсыздануға арналған резерв бұрын болған дефолт тәжірибесі мен экономикалық жағдайдың болашақ перспективаларын есепке алып, бүкіл мерзімдегі ККШ-ға тең сомамен бағаланады. Ағымдағы кезеңде бағалау әдістерінде қандай да бір өзгеріс болған жоқ. Бұрын болған тәжірибе клиенттердің әртүрлі сегменттері үшін шығын модельдері арасында айтарлықтай өзгешелік көрсетпегендіктен, мерзімінен өткен күндерге негізделген шығынға арналған резерв бұдан әрі әртүрлі сегменттер үшін өзгешеленбейді.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша мерзімі 90 күннен артық кешіктірілген дебиторлық берешектің баланстық құны және күтілетін кредиттік шығынға арналған тиісті резерв тиісінше 36,936 мың теңгені және 414 мың теңгені құрады.
2020 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша мерзімі 90 күннен артық кешіктірілген дебиторлық берешектің баланстық құны және күтілетін кредиттік шығынға арналған тиісті резерв тиісінше 60,293 мың теңгені және 574 мың теңгені құрады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Марш Тобы компанияларының мерзімінен 90 күн және одан көп кешіктірілген дебиторлық берешегінің баланстық құны 24,967 мың теңгені құрады. Басшылық бұл сома толық төленеді деп санайды, себебі мұндай берешек тарих бойынша 6–12 ай ішінде төленеді.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Марш Тобы компанияларының мерзімінен 90 күн және одан көп кешіктірілген дебиторлық берешегінің баланстық құны 33,470 мың теңгені құрады.

Құнсыздануға арналған резерв пен дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығынға арналған резервтің қозғалысы туралы ақпарат төменде берілген:

	Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв
2020 жылғы 1 қаңтар	254
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті қалпына келтіру	432
2020 жылғы 31 желтоқсан	686
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті құру	(10)
2021 жылғы 31 желтоқсан	676

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

9. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер

	Кеңсе жабдығы және компьютерлік жабдық	Автокөлік	Материалдық емес активтер	Жалға алынған меншікті жақсарту	Барлығы
Бастапқы құны бойынша					
2019 жылғы 31 желтоқсан	38,058	22,103	2,202	-	62,363
Сатып алу	5,598	-	-	46,633	52,231
Шығынға жазу	-	(6,603)	-	-	(6,603)
2020 жылғы 31 желтоқсан	43,656	15,500	2,202	46,633	107,991
Сатып алу	2,980	-	441	118	3,539
2021 жылғы 31 желтоқсан	46,636	15,500	2,643	46,751	111,530
Жинақталған тозу мен амортизация					
2019 жылғы 31 желтоқсан	24,179	16,860	660	-	41,699
Жыл іші есептелгені	4,748	827	221	1,943	7,739
Шығынға жазу	-	(5,283)	-	-	(5,283)
2020 жылғы 31 желтоқсан	28,927	12,404	881	1,943	44,155
Жыл іші есептелгені	4,025	-	233	4,663	8,921
2021 жылғы 31 желтоқсан	32,952	12,404	1,114	6,606	53,076
Таза баланстық құн					
2020 жылғы 31 желтоқсан	14,729	3,096	1,321	44,690	63,836
2021 жылғы 31 желтоқсан	13,684	3,096	1,529	40,145	58,454

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық амортизацияланған негізгі құралдардың құны тиісінше 33.793 мың теңге және 32.396 мың теңгені құрады

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

10. Пайдалану құқығындағы актив және міндеттемелер

Компанияның жалдау шарты кеңсе орын жайларын 5 жыл мерзімге жалдауға қатысты.

Құны	Кеңсе
2020 жылғы 1 қаңтар	41,419
Түсімдер	75,789
Есептен шығарулар	(40,882)
2020 жылғы 31 желтоқсан	76,326
Түсімдер	-
Есептен шығарулар	-
2021 жылғы 31 желтоқсан	76,326
Жинақталған амортизация	
2020 жылғы 1 қаңтар	1,183
Жыл іші есептелгені	12,956
2020 жылғы 31 желтоқсан	14,139
Жыл іші есептелгені	15,547
2021 жылғы 31 желтоқсан	29,686
Таза баланстық құн	
2020 жылғы 31 желтоқсан	62,187
2021 жылғы 31 желтоқсан	46,640

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар 8,337 мың теңгені және 6,764 мың теңгені құрады.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуалы бойынша жалдау төлемдерінің таза ең төменгі келтірілген құнымен бірге, болашақ жалдау төлемдерінің ең төменгі сомасы төмендегі кестеде көрсетілген:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Жалдаудың ең төменгі төлемдері		
Бір жылға дейін	23,682	15,489
Бір жылдан бес жылға дейін	71,046	115,402
Ең төменгі жалдау төлемдері жиыны	94,728	130,891
Дисконттау әсерін шегергенде, түрі бойынша:		
Қысқа мерзімде	(6,281)	(144)
Ұзақ мерзімде	(30,916)	(57,871)
Таза ең төменгі жалдау төлемдерінің келтірілген құны	57,531	72,876
Қысқа мерзімді бөлігін шегергенде	(17,401)	(15,345)
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	40,130	57,531

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Төменде жалдау міндеттемелерінің өзгерістері бойынша мәліметтер келтірілген:

	2021	2020
Жылдың басына	72,876	40,882
ХҚЕС (IFRS) 16 қолданған кезде жалдау бойынша міндеттемені тану	-	-
Түсім және модификациялау	-	75,789
Есептен шығару	-	(40,882)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	(15,345)	(2,913)
Пайыздық шығыстар	8,337	6,764
Төленген пайыздар	(8,337)	(6,764)
Жылдың аяғында	57,531	72,876

2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші жалдау бойынша міндеттемелердің ақша ағындары 23,632 мың теңгені құрады, соның ішінде 15,345 мың теңге ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепте қаржылық қызмет құрамында ұсынылған.

2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші жалдау бойынша міндеттемелердің ақша ағындары 9,677 мың теңгені құрады, соның ішінде 2,913 мың теңге ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепте қаржылық қызмет құрамында ұсынылған.

11. Кредиторлық берешек

	31 желтоқсан 2021	31 желтоқсан 2020
Marsh тобы	99,711	143,692
Басқасы	2,911	78
	102,622	143,770

12. Өзге міндеттемелер

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Өзге қаржы міндеттемелері:		
Салық кеңесшілерінің қызметтері бойынша берешек	3,363	6,058
Кәсіби қызметтері бойынша берешек	-	10,752
	3,363	16,810
Өзге қаржылық емес міндеттемелер:		
Есептелген бонус	12,733	40,735
Демалыстар бойынша резерв	11,383	256
Табыс салығынан басқа салық шығыстары	-	6,536
Алынған аванстар	744	663
	24,860	48,190
Өзге міндеттемелер жиыны	28,223	65,000

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

13. Жарғылық капитал

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның жарғылық капиталы бекітіліп, сәйкесінше 320,100 мың теңге және 233,360 мың теңге сомасында төленді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз иесі Нидерландыда тіркелген Marsh & McLennan Companies Services B.V. болды. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жалғыз қатысушының шешімімен оның үлесін Англия және Уэльс заңдары бойынша тіркелген MMC Treasury Holdings (UK) Limited және Companies Finance Center (Люксембург) S.à rl. компанияларына берілді.

2021 жылы меншікті капиталға қатысты жаңа нормативтік талаптарды орындау мақсатында жалғыз қатысушы Компанияға 2021 жылға дейін есептелген бөлінбеген пайданы 86,740 мың теңге мөлшерінде жарғылық капиталға аударуға рұқсат етілді (2020 жылы: 31,360 мың теңге).

2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компания дивидендтер жариялаған немесе төлеген емес (2020: 100 000 мың теңге).

14. Шартты қаржы міндеттемелері

Күрделі шығындар бойынша міндеттемелер

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның күрделі шығындар бойынша елеулі міндеттемелері болған жоқ.

Сот талаптары

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде Компанияға сот талаптары қойылған жоқ. Басшылық Компанияға елеулі шығын келмейді деп есептейді, сондықтан қаржылық есептілікте резервтер құрылған жоқ.

Салық заңнамасы

Қазақстан Республикасының коммерциялық, атап айтқанда салық заңнамасында бірнеше түсіндірмесі болуы мүмкін ережелердің болуына байланысты. Сонымен қатар салық органдарының компания қызметінің мәселелері бойынша еркін пайымдау жасау тәжірибесіне байланысты қауіп бар. Салық органдары Басшылық тарапынан Компанияның қызметіне қатысты заңнаманы түсінуге негізделген қандай да бір нақты іс-әрекетті даулаған жағдайда, оның нәтижесі қосымша салық, айыппұл және өсім пұл төлемдеріне әкелуі мүмкін.

Компания Басшылығы барлық қажетті салықтық төлемдер жасалғанына сенімді, сондықтан қаржылық есептілікте резервтер қарастырылмаған.

Салық органдарының салық кезеңі жабылғаннан кейін бес жыл ішінде салық төлемдерінің дұрыстығын тексеруге құқығы бар.

Операциялық орта

Дамушы елдердің нарықтары, соның ішінде Қазақстан нарығы, дамыған нарықтардың тәуекелдерінен өзгеше экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

тәуекелдерге ұшырайды. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеріп, еркін талқылануы мүмкін. Қазақстанның келешек даму бағыты едәуір дәрежеде мемлекеттің салықтық және кредиттік-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси жағдайға байланысты.

Қазақстан мұнай мен газды үлкен көлемде өндіріп, экспортқа шығаратынына байланысты, Қазақстанның экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағаларының өзгерістеріне ерекше сезімтал.

Экономикалық жағдайдағы өзгерістер Компания қызметінің болашақ нәтижелеріне және қаржылық жағдайына елеулі әсер етуі мүмкін.

COVID-19 пандемиясы – 2020 жылдың басында әлемде жаңа коронавирус (COVID-19) жылдам тарала бастады, осыған орай Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2020 жылғы наурызда пандемияның басталғанын жариялады. Көптеген елдердің COVID-19 таралуын тежеу үшін қолданатын шаралар көптеген компаниялар үшін елеулі операциялық қиындықтар тудырады және әлемдік қаржы нарықтарына айтарлықтай әсер етеді. Осыған байланысты, COVID-19-дың жаһандық экономикаға және негізгі қаржы нарықтарына теріс әсер етуі нәтижесінде Компания оның одан да үлкен ықпалына тап болуы мүмкін. Компанияның операцияларына COVID-19 әсерінің маңыздылығы көп дәрежеде вирустың әлемдік және Қазақстан экономикасына әсерінің ұзақтығы мен таралуына байланысты.

Компания басшылығы қолданыстағы жағдайдағы өзгерістерді бақылайды және Компанияның жақын болашақта тұрақты жағдайын және бизнесін дамытуды қолдау үшін келесі шараларды қолданады.

15. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Байланысты тараптар немесе байланысты тараптармен жасалатын операциялар ХҚЕС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» стандартында берілген анықтамаға сәйкес мыналарды қамтиды:

Директорлар мен негізгі басшылықтың басқа мүшелеріне сыйақы беру төмендегідей көрсетілген:

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл		2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	
	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санат бойынша жиыны	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санат бойынша жиыны
Негізгі басқарушы персоналға сыйақы беру:	60,056	239,474	78,131	249,056
- қызметкерлердің еңбекақысы және өзге қысқа мерзімді сыйақылары	60,056		78,131	

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша байланысты тараптармен жасалатын Компания операциялары бойынша қалдықтар төменде берілген:

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

	2021 жылғы 31 желтоқсан		2020 жылғы 31 желтоқсан	
	Байланысты тараптармен баланстар	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санат бойынша жиыны	Байланысты тараптармен баланстар	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санат бойынша жиыны
Дебиторлық берешек	61,363	105,879	111,151	143,381
- жалпы бақылаудағы компаниялар	61,363		111,151	
Кредиторлық берешек	99,711	102,622	143,692	143,770
- жалпы бақылаудағы компаниялар	99,711		143,692	

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есебінде байланысты тараптармен жасалатын операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілді:

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл		2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	
	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санат бойынша жиыны	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санат бойынша жиыны
Брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық кірістер	99,408	370,437	145,116	369,842
- жалпы бақылаудағы компаниялар	99,408		145,116	
Еңбекақы бойынша шығыстарды шегергендегі жалпы және әкімшілік шығыстар	65,244	171,846	95,986	200,087
- бас компания	40,414		69,494	
- жалпы бақылаудағы компаниялар	24,830		26,492	

16. Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құны активті сатудан алынуы тиіс болған немесе бағалау күні нарыққа қатысушылар арасындағы кәдімгі мәміле шеңберінде міндеттемелерді табыстау кезінде төленуі тиіс болған бағаны ескеріп анықталады. Басшылық қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны осы активтер мен міндеттемелердің қысқа мерзімділігіне байланысты шамамен олардың баланстық құнына сәйкес келеді деп санайды. Компанияның әділ құны бойынша қандай да бір қаржы активі мен міндеттемесі жоқ, сондықтан әділ құны иерархиясы берілмеген.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертүлер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

17. Капиталды басқару

Компания қарыз ақша мен капитал қатынасын оңтайландыру арқылы қатысушылардың пайдасын барынша арттыра отырып, жақын болашақта қызметін жалғастыру үшін капиталды басқарады.

Компания капиталының құрылымы төленген жарғы капиталы мен бөлінбеген пайда кіретін қатысушы капиталынан тұрады және ол қатысушы капиталындағы өзгерістер туралы есепте ашып көрсетіледі.

Капитал құрылымын Компания Басшылығы жарты жылда бір рет қарайды. Осындай қарау кезінде Басшылық, әсіресе, капитал құнын және әр капитал класына байланысты тәуекелдерді талдайды. Басшылықтың ұсыныстары негізінде Компания бөлінген пайданы төлеу, жарғылық капиталды көбейту, қосымша қарыз ақша тарту немесе қолданыстағы кредиттерді өтеу арқылы капитал құрылымын түзетеді.

18. Тәуекелдерді басқару саясаты

Тәуекелдерді басқару Компания қызметінде маңызды рөл атқарады. Компанияның қызметіне тән негізгі тәуекелдерге мыналар жатады:

- Операциялық тәуекел;
- Кредиттік тәуекел;
- Өтімділік тәуекелі; және
- Нарықтық тәуекел.

Әрекетті және тиімді тәуекелдерді басқару саясатын қамтамасыз ету үшін Компания негізгі мақсаты Компанияны бар тәуекелдерден қорғап, жоспарланған көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік беру болып табылатын тәуекелдерді басқарудың негізгі принциптерін белгіледі. Берілген принциптерді Компания келесі тәуекелдерді басқарғанда пайдаланады:

Операциялық тәуекел

Компания жүйенің тиімсіздігі немесе ішкі процестердің, жүйелердің бұзылуы, адам факторының болуы немесе қандай да бір сыртқы жағымсыз фактордың әсері салдарынан шығын шегу арқылы операциялық тәуекелге ұшырауы мүмкін.

Компанияның тәуекелдерді басқару саясаты тиісті шектеулер мен бақылауды белгілеу үшін осы тәуекелді айқындау және талдау ескерілетіндей әзірленген.

Кредиттік тәуекел

Компания оның ақшалай қаражат пен баламаларынан және дебиторлық берешектен басқа қаржы активтері болмауына байланысты кредиттік тәуекелге ұшырамайды.

Әрі қарай мойындалған халықаралық рейтингтік агенттікті немесе ішкі рейтингіні пайдаланып бағаланған 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша несие рейтингілерге сай Топтың қаржы активтерінің жіктелуі берілген:

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертүлер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

	BBB	BBB-	Кредиттік рейтинг берілмеген	2021 жылғы 31 желтоқсан Жиынтығы
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	-	239,222	-	239,222
Дебиторлық берешек	61,363	34,648	9,868	105,879

	BBB	BBB-	Кредиттік рейтинг берілмеген	2020 жылғы 31 желтоқсан Жиынтығы
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	-	292,394	-	292,394
Дебиторлық берешек	111,151	-	32,230	143,381

Компанияның қызмет аясы жалпы алғанда қаржы құралдарына қатысты туындайтын кредиттік тәуекелге бейім. Компанияның кредиттік тәуекелі Қазақстан Республикасында шоғырланған.

Төмендегі кестеде құнсызданған активтердің, сондай-ақ мерзімі өткен берешектің туындау уақыты бойынша құнсыздану жіктелген құнсызданған активтердің және құнсызданбаған активтердің баланстық құны көрсетілген:

	Ұжымдық негізде бағаланатын қаржы активтері					Құнсызданған қаржы активтері	2021 жылғы 31 желтоқсан	
	Ағымдағы активтер	3 айға дейін	3–6 ай	6 ай – 1 жыл	1 жылдан астам		Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	Жиыны
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	239,222	-	-	-	-	-	-	239,222
Дебиторлық берешек	20,006	19,317	31,614	24,738	10,880	-	(676)	105,879

	Ұжымдық негізде бағаланатын қаржы активтері					Құнсызданған қаржы активтері	2020 жылғы 31 желтоқсан	
	Ағымдағы активтер	3 айға дейін	3–6 ай	6 ай – 1 жыл	1 жылдан астам		Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	Жиыны
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	292,394	-	-	-	-	-	-	292,394
Дебиторлық берешек	63,689	20,085	33,470	26,823	-	-	(686)	143,381

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертүлер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Төмендегі кестеде дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелдің максималды шамасы көрсетілген:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Жалпы бастапқы құны	106,555	144,067
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтер	(676)	(686)
Таза баланстық құны	105,879	143,381

Дебиторлық берешекке қатысты Компания бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар мөлшерінде шығындарға арналған резервті бағалау үшін ХҚЕС (IFRS) 9 көзделген оңайлатылған тәсілді қолданды. Компания мұндай баптар бойынша күтілетін кредиттік шығындарды ағымдағы жағдайларды және болашақ экономикалық жағдайларды бағалауды ескере отырып, сәйкесінше түзетілген, борышкерлердің мерзімі өткен төлемдер мәртебесіне сүйене отырып, өткен кредиттік шығындар тәжірибесіне негізделген резервтік матрицаны қолдану арқылы анықтайды. Тиісінше, мұндай активтердің кредиттік тәуекел профилі төлемдер матрицасы тұрғысында өткен кезеңдер іші төлем мерзімі өткен мәртебесі негізінде ұсынылған.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Географиялық шоғырландыру

Компания заңнама нормаларындағы өзгерістерге байланысты тәуекелге бақылау жүргізеді және оның Компания қызметіне әсерін бағалайды. Бұл тәсіл Компанияға Қазақстан Республикасындағы инвестициялық климаттың өзгеруінен болуы мүмкін шығынды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның Қазақстаннан тыс дебиторлық берешегінің шоғырлануы тиісінше 66.6% және 91.5% құрады.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның Қазақстаннан тыс кредиторлық берешегінің шоғырлануы тиісінше 97.2% және 99.9% құрады.

Компанияның дебиторлық және кредиторлық берешектен басқа барлық қаржы активтері мен міндеттемелері Қазақстанда орналасқан.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі — нақты төлеу мерзімі келгенде қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алу кезінде қиындықтар туындау тәуекелі.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша қаржылық міндеттемелер 102,622 мың теңге сомасындағы қысқа мерзімді міндеттемелерден, 3,363 мың теңге сомасындағы өзге қаржы міндеттемелерден және 12 айдан аз мерзімі 17,401 мың теңге сомасындағы жалдау міндеттемелерімен және бір жылдан бес жылға дейінгі мерзіммен 40,130 мың теңгеден тұрды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қаржылық міндеттемелер 143,770 мың теңге мөлшеріндегі қысқа мерзімді міндеттемелерден, 16,810 өзге қаржы міндеттемелерден және 12 айдан аз мерзімі 15,345 мың теңге сомасындағы жалдау міндеттемелерімен және бір жылдан бес жылға дейінгі мерзіммен 57,531 мың теңгеден тұрды.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компанияның өтімділік тәуекелінің туындауына әкелуі мүмкін елеулі қаржы міндеттемелері болған жоқ.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекелге пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі, валюталық тәуекел және Компания ұшырауы мүмкін өзге баға тәуекелдері кіреді. 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы Компанияда осы тәуекелдердің құрамы мен оларды бағалау және басқару әдістерінде өзгерістер болған жоқ.

Компания қаражат тартпайтындықтан және пайыз есептелетін кредиттері болмағандықтан, пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Компания Басшылығы Компания пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі бойынша елеулі тәуекелге және ақша ағындарына қатысты тиісті тәуекелге ұшырамайды деп есептейді. Басшылық Компанияның қаржы қызметінің ағымдағы нәтижелерін бақылайды, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне қатысты Компанияның осалдығын және оның Компания пайдасына әсерін бағалайды.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел валюталардың айырбас бағамының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелін білдіреді. Компанияның қаржы жағдайы және ақша ағындары шетел валюталарының айырбас бағамының құбылуы әсеріне ұшырауға бейім.

Компания валюталық тәуекелді айырбас бағамының құбылуына және өзге макроэкономикалық индикаторларға жүйелі түрде мониторинг жүргізу арқылы ашық валюталық позицияны қадағалау жолымен басқарады.

Компанияның валюталық тәуекелінің деңгейі туралы ақпарат төменде берілген:

	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = Теңге	Еуро 1 Еуро = 489.10 теңге	Фунт стерлинг 1 Фунт = 583.32 теңге	2021 жылғы 31 желтоқсан Барлығы	
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:					
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	30,671	207,328	1,223	-	239,222
Дебиторлық берешек	43,379	49,399	11,935	1,166	105,879
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ЖИЫНЫ	74,050	256,727	13,158	1,166	345,101
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:					
Кредиторлық берешек	6,592	40,940	1,227	53,863	102,622
Жалдау бойынша міндеттемелер	57,531	-	-	-	57,531
Өзге міндеттемелер	3,363	-	-	-	3,363
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ЖИЫНЫ	67,486	40,940	1,227	53,863	163,516
АШЫҚ БАЛАНСТЫҚ ПОЗИЦИЯ	6,564	215,787	11,931	(52,697)	181,585

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

	Теңге	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = 420.91 теңге	Еуро 1 Еуро = 516.79 теңге	Фунт стерлинг 1 Фунт = 574.88 теңге	2020 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:					
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	7,234	282,893	2,267	-	292,394
Дебиторлық берешек	32,009	96,694	14,678	-	143,381
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ЖИЫНЫ	39,243	379,587	16,945	-	435,775
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:					
Кредиторлық берешек	2,948	32,870	4,741	103,211	143,770
Жалдау бойынша міндеттеме	72,876	-	-	-	72,876
Өзге міндеттемелер	16,810	-	-	-	16,810
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ЖИЫНЫ	92,634	32,870	4,741	103,211	233,456
АШЫҚ БАЛАНСТЫҚ ПОЗИЦИЯ	(53,391)	346,717	12,204	(103,211)	202,319

Валюталық тәуекелге сезімталдықты талдау

Төмендегі кестеде АҚШ доллары, еуро және фунт стерлинг бағамының теңгеге қатысты ұлғаюы мен азаюына Компания сезімталдығының талдауы берілген. Берілген сезімталдық деңгейі Компанияның негізгі басқарушы персоналы үшін валюталық тәуекелдер туралы есептер жасағанда Компания ішінде қолданылады және Компания басшылығының валюта бағамдарының ықтимал өзгерістерін бағалауы болып табылады. Сезімталдықты талдауда айырбастағанда 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында +20/-20 %-ға өзгертілген бағамдар қолданылатын кезең соңында болған шетел валютасындағы сомалар ғана қамтылған.

	2021 жылғы 31 желтоқсан		2020 жылғы 31 желтоқсан	
	теңге/АҚШ доллары +25%	теңге/АҚШ доллары -25%	теңге/АҚШ доллары +20%	теңге/АҚШ доллары -20%
Пайдаға не шығынға және қатысушы капиталына әсері	53,947	(53,947)	69,343	(69,343)
	2021 жылғы 31 желтоқсан		2020 жылғы 31 желтоқсан	
	теңге/еуро +25%	теңге/еуро -25%	теңге/еуро +20%	теңге/еуро -20%
Пайдаға не шығынға және қатысушы капиталына әсері	2,983	(2,983)	2,441	(2,441)
	2021 жылғы 31 желтоқсан		2020 жылғы 31 желтоқсан	
	еңге/фунт стерлинге/фунт стерлинг +25%	еңге/фунт стерлинге/фунт стерлинг -25%	еңге/фунт стерлинге/фунт стерлинг +20%	еңге/фунт стерлинге/фунт стерлинг -20%
Пайдаға не шығынға және қатысушы капиталына әсері	(13,174)	13,174	(20,642)	20,642

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілігіне Ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Баға тәуекелі

Компания үлестік бағалы қағаздарға салымдарға қатысты баға тәуекеліне ұшырамайды, себебі ол осы құралдармен сауда операцияларын жүргізбейді.

19. Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар

2022 жылғы қаңтардың басында Қазақстанда жаппай наразылықтар басталып, тәртіпсіздікке ұласты. 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай режимі енгізілді, ол 19 қаңтарға дейін жалғасты. Жаппай наразылық кезеңінде бүкіл Қазақстан аумағында интернетке қол жетімділік шектелді, банктердің жұмысы тоқтатылды, қор нарығында операциялар жүргізілмеді, тауар биржаларында сауда жүргізілмеді, әуе қатынасы тоқтатылды, бұл кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтірді.

15 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасындағы жағдай тұрақталып, биліктің бақылауына алынды. Үкімет саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыруға бағыт алды.

2022 жылғы ақпанда Украина мен Ресей Федерациясындағы экономикалық және саяси жағдай ресейлік қаржы нарығындағы құбылмалықтың күшеюіне әкелді. Оқиғалардың дамуы айқынсыздығы жоғары. АҚШ, Еуроодақ, Ұлыбритания және басқа да бірқатар елдер Ресейге қарсы бірқатар жаңа санкциялар енгізді.

Ресейдегі саяси және құқықтық жағдайға байланысты Ресейдегі Марш өз қызметін белгісіз мерзімге тоқтатты. Марш ТМД тобына кірген Қазақстандағы «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС Континенталды Еуропа құрамына қайта топтастырылды.

Бұл оқиғалар Компанияның операциялық қызметіне және оның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Компания басшылығы экономикалық және саяси жағдайдағы өзгерістерді бақылай отырып, жақын болашақта Компания бизнесінің тұрақтылығы мен дамуын сақтау үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдайды.